

"1999 жылғы 3 желтоқсанда Пекинде қабылданған Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына Түзетуді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 33 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«1999 жылғы 3 желтоқсанда Пекинде қабылданған Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына Түзетуді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С.Ахметов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЗАҢЫ 1999 жылғы 3 желтоқсанда, Пекинде қабылданған Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына Түзетуді ратификациялау туралы

1999 жылғы 3 желтоқсанда Пекинде қабылданған, Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына Түзету ратификациялансын.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

C.N.1231.1999.TREATIES-1 сілтеме: (депозитарийдің нотификациялануы)

ОЗОН ҚАБАТЫН БҰЗАТЫН ЗАТТАР ЖӨНІНДЕГІ МОНРЕАЛЬ ХАТТАМАСЫ 1987 ЖЫЛҒЫ 16 ҚЫРКҮЙЕКТЕ МОНРЕАЛЬДЕ ЖАСАЛДЫ
ОЗОН ҚАБАТЫН БҰЗАТЫН ЗАТТАР ЖӨНІНДЕГІ МОНРЕАЛЬ ХАТТАМАСЫНА ТҮЗЕТУ

ПЕКИН, 1999 ЖЫЛҒЫ 3 ЖЕЛТОҚСАН
ТҮЗЕТУДІ ҚАБЫЛДАУ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы депозитарий ретінде мынаны х а б а р л а й д ы :

1999 жылдың 29 қарашасы мен 3 желтоқсаны аралығында Пекинде өткен жоғарыда аталған Хаттама Тараптарының он бірінші кездесуінде 1985 жылғы Озон қабатын қорғау туралы Вена Конвенциясының 9-бабына 4-параграфына сәйкес, Тараптардың он

бірінші Кездесуі есебінің V қосымшасында көрсетілгендей, Тараптар Монреаль Хаттамасына Түзетуді қабылдады (XI / 5 шешім).

Жоғарыда аталған Түзетудің мәтіні қабылдаудың алты тілінде осы хабарламаға Қосымша ретінде жіберіліп отыр.

3-баптың 1-параграфына сәйкес осы Түзету 2001 жылғы 1 қаңтарда Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының Тараптары болып табылатын мемлекеттер немесе экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйымдар Түзетуді ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы кемінде жиырма құжатты сақтауға тапсырған кезде күшіне енеді. Егер осы күнге көрсетілген шарттар сақталмаса, Түзету осы шарттарды сақтаған күннен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

3 (3) бапқа сәйкес осы Түзету күшіне енгеннен кейін Түзету Хаттаманың кез келген басқа да Тарапына қатысты ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжат сақтауға тапсырылған күннен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2000 жылғы 28 қаңтар

С.Ш231.1999.TKEAT1E5-1 (Annex)

XI/5 шешім. Монреаль хаттамасына жаңа түзету

Озон қабатын қорғау туралы Вена Конвенциясының 9-бабының 4-тармағында жазылған рәсімдерге сәйкес, Тараптардың он бірінші Кеңесі баяндамасының V қосымшасында қамтылған Монреаль хаттамасына түзету қабылдансын;

ОЗОН ҚАБАТЫН БҰЗАТЫН ЗАТТАР ЖӨНІНДЕГІ МОНРЕАЛЬ ХАТТАМАСЫНА ТҮЗЕТУ

1-Бап: Түзету

А . 2 - б а п т ы ң 5 - т а р м а ғ ы

Хаттаманың 2-бабы 5-тармағындағы «2А-2Е баптарында» деген сөздер «2А-2F баптарында» деген сөздермен ауыстырылуы керек.

В. 2-баптың 8 а) және 11-тармақтары

Хаттаманың 8 а) және 11-тармақтарындағы «2А-2Н баптарында» деген сөздер «2А-2I баптарында» деген сөздермен ауыстырылуы керек.

С . 2 F б а п т ы ң 8 - т а р м а ғ ы

Хаттаманың 2F бабының 7-тармағынан кейін төмендегідей тармақ енгізілсін:

«8. Осындай заттардың біреуін немесе одан да көбін өндіретін әрбір Тарап 2004 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі айлық кезеңде және әрбір келесі он екі айлық кезеңде өзінің С қосымшасының I тобына енгізілген реттелетін заттарды өндірудің есептік деңгейі жыл сайын орта есеппен:

а) 1989 жылы С қосымшасының I тобына енгізілген реттелетін заттарды тұтынудың есептік деңгейі және 1989 жылғы А қосымшасының I тобына енгізілген реттелетін заттарды тұтынудың есептік деңгейінің екі бүтін оннан сегіз пайызы жиынтық

көрсеткішінен

аспауын;

және

б) 1989 жылы С қосымшасының I тобына енгізілген реттелетін заттарды өндірудің есептік деңгейі және 1989 жылғы А қосымшасының I тобына енгізілген реттелетін заттарды өндірудің есептік деңгейінің екі бүтін оннан сегіз пайызы жиынтық көрсеткішінен аспауын қамтамасыз етеді.

Алайда, 5-баптың 1-тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын Тараптардың негізгі ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндірудің есептік деңгейін бұл шектен жоғарыда айқындалғандай, С қосымшасының I тобына енгізілген реттелетін заттарды өндірудің есептік деңгейінің жиынтық көрсеткішінің он бес пайыз шамасына асуы мүмкін».

Д. 2 I б а п

Хаттаманың 2Н бабынан кейін төмендегідей бап енгізілсін:

«2 I б а п : Б р о м х л о р м е т а н

Әрбір Тарап 2002 жылғы 1 қаңтардан басталатын он екі айлық кезеңде және әрбір келесі он екі айлық кезеңде өзінің С қосымшасының III тобына енгізілген реттелетін заттарды өндірудің және тұтынудың жыл сайынғы есептік деңгейі нөлдік деңгейден аспауын қамтамасыз етеді. Тараптар олар негізгі деп айқындаған қолдану түрлерін қанағаттандыру үшін қажетті өндіру немесе тұтыну деңгейіне жол беретін шешімді қабылдаған жағдайларды қоспағанда, осы тармақ қолданылады».

Е. 3 - б а п

Хаттаманың 3-бабындағы «2,2А-2Н баптары» деген сөздер «2,2А-2I баптары» деген сөздермен ауыстырылуы керек.

Ғ. 4-бап, 1 куин және 1 секс тармақтар

Хаттаманың 4-бабының 1 ква тармағынан кейін мынадай тармақтар енгізілсін:

"1 куин. 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрбір Тарап осы Хаттаманың Тарапы болып табылмайтын кез келген мемлекеттен С қосымшасының I тобына енгізілген кез келген реттелетін заттардың импортына тыйым салады.

1 секс. Осы тармақ күшіне енген күннен кейін бір жыл ішінде әрбір Тарап осы Хаттаманың Тарапы болып табылмайтын кез келген мемлекеттен С қосымшасының III тобына енгізілген реттелетін заттардың импортына тыйым салады".

Г. 4-бап, 2 куин және 2 секс тармақтар

Хаттаманың 4-бабының 2 ква тармағынан кейін мынадай тармақтар енгізілсін:

«2 куин. 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрбір Тарап осы Хаттаманың Тарапы болып табылмайтын кез келген мемлекетке С қосымшасының I тобына енгізілген кез келген реттелетін заттардың экспортына тыйым салады.

2 секс. Осы тармақ күшіне енген күннен кейін бір жыл ішінде әрбір Тарап осы Хаттаманың Тарапы болып табылмайтын кез келген мемлекетке С қосымшасының III тобына енгізілген реттелетін заттардың экспортына тыйым салады».

Н. 4 - б а п , 5 - 7 - т а р м а қ т а р

Хаттаманың 4-бабының 5-7-тармақтарындағы "А және В қосымшалары, С қосымшасының II тобы және Е қосымшасы" деген сөздер "А, В, С және Е қосымшалары" деген сөздермен ауыстырылсын.

I . 4 - б а п , 8 - т а р м а қ

Хаттаманың 4-бабының 8-тармағындағы «2А-2Е баптары, 2G және 2Н баптары» деген сөздер «2А-2I баптары» деген сөздермен ауыстырылсын.

J . 5 - б а п , 4 - т а р м а қ

Хаттаманың 5-бабының 4-тармағындағы «2А-2Н баптары» деген сөздер «2А-2I баптары» деген сөздермен ауыстырылсын.

K . 5 - б а п , 5 және 6 - т а р м а қ т а р

Хаттаманың 5-бабының 5-6-тармақтарындағы «2А-2Е баптары» деген сөздер «2А-2Е баптары және 2I-бабы» деген сөздермен ауыстырылсын.

L . 5 - б а п , 8 т е р а) т а р м а қ

Хаттаманың 5-бабының 8 тер тармағының а) тармақшасының соңына мынадай с ө й л е м е н г і з і л с і н :

«2016 жылғы 1 қаңтардан бастап осы баптың 1 тармағы шеңберінде іс-қимыл жасайтын әрбір Тарап 2F баптың 8-тармағында көзделген реттеу шараларын сақтайды және осы реттеу шараларын сақтау негізі ретінде 2015 жылғы тұтыну мен өндірудің орташа жылдық есептік деңгейлерін пайдаланады».

M . 6 - б а п

Хаттаманың 6-бабындағы «2А-2Н баптарда» деген сөздер «2А-2I баптарда» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

N . 7 - б а п , 2 - т а р м а қ

Хаттаманың 7-бабының 2-тармағындағы «В және С қосымшалары» деген сөздер «В қосымшасы және С қосымшасындағы I және II топтар» деген сөздермен ауыстырылсын .

O . 7 - б а п , 3 - т а р м а қ

Хаттаманың 7-бабының 3-тармағындағы бірінші сөйлемнен кейін мынадай сөйлем е н г і з і л с і н :

«Әрбір Тарап карантиндік мақсаттарда және тасымалдау алдында өндеу үшін пайдаланатын Е қосымшасында көрсетілген реттелетін заттардың жыл сайынғы пайдалану көлемі туралы статистикалық деректерді Хатшылыққа ұсынады».

P . 1 0 - б а п

Хаттаманың 10-бабының 1-тармағындағы «2А-2Е баптарында» деген сөздер «2А-2Е баптарында және 2I-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын.

Q . 1 7 - б а п

Хаттаманың 17-бабындағы «2А-2 Н баптарында» деген сөздер «2А-2I баптарында» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

Хаттаманың С қосымшасына мынадай топ енгізілсін:

«

Топ	Зат	Изомерлер саны	Озонбұзғыштық қабілеті
III CH ₂ BrCl	бромхлорметан	1	0,12

»

2-бап: 1997 жылғы түзетумен байланыс

Бірде-бір мемлекет немесе экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйым Монреальда 1997 жылғы 17 қыркүйекте Тараптардың тоғызыншы Кеңесінде қабылданған Түзетуге қатысты осы тектес құжатты алдын-ала немесе бір мезгілде сақтауға тапсырмаса, осы Түзетуді ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау немесе оған қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыра алмайды.

3 - б а п : К ү ш і н е е н у і

1. Осы Түзету 2001 жылғы 1 қаңтарда Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасының Тараптары болып табылатын мемлекеттер немесе экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйымдар Түзетуді ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы кемінде жиырма құжатты сақтауға тапсырған кезде күшіне енеді. Егер осы күнге көрсетілген шарттар сақталмаса, Түзету осы шарттарды сақтаған күннен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. 1-тармақтың мақсатына орай қандай да бір экономикалық интеграция жөніндегі өңірлік ұйым сақтауға тапсырған кез келген осындай құжат мұндай ұйымға мүше мемлекеттер сақтауға тапсырған құжаттарға қатысты қосымша деп саналмайды.

3. 1-тармаққа сәйкес осы Түзету күшіне енгеннен кейін Түзету Хаттаманың кез келген басқа да Тарапына қатысты ратификациялау, қабылдау немесе мақұлдау туралы құжат сақтауға тапсырылған күннен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

Бұл мәтін 1999 жылдың 29 қарашасы мен 3 желтоқсаны аралығында Қытайда Пекинде өткен Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы Тараптарының 1999 жылғы 3 желтоқсандағы 11-конференциясында қабылданған Түзетудің нақты көшірмесі болып табылатындығын растаймын.

Б а с Х а т ш ы н ы ң а т ы н а н

З аңгер - к о н с у л ь т а н т

(Бас Хатшының құқық мәселелері бойынша

орынбасары)

Ганс Корелл

Б і р і к к е н

Ұ л т т а р

Ұ й ы м ы ,

Н ь ю - Й о р к ,

2000 жылғы 28 қаңтар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК